Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бозанбай орта мектебі» КММ

Бекітілді:	Келісілді:	Қаралды:
«31» 08 2023 жыл	«31» 08 2023 жыл	«31» 08 2023 жыл
Мектеп директоры: А.К.Бухатова	Оқу ісі орынбасары: К.К.Курмагалиева	Бірлестік жетекшісі: А.Бақыт

КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

- **Пән мұғалімі:** Сабиева Т.Н.
- **Пәні:** Қазақ тілі мен әдебиеті
- **Сыныбы:** 11 «Б»
- **Сағат саны:** 34 , *аптасына 1 сағат*

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 7-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 7- қосымшасына сай әзірленді. Мұғалім тоқсан бойынша белгіленген сағат сандарын тарауларға жіктей алады және оқу мақсатына кететін уақытты (сағатты) өзі белгілей алады. Мұғалім белгілі бір тарауда ұсынылған оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін олардың ретін ауыстыра алады, тарау барысында бірнеше рет қайталап ұсына алады және оқушылардың қажеттілігіне сай қосымша оқу мақсаттарын таңдай алады. Бір сабақта кемінде 1-2 оқу мақсатын қамтыған дұрыс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығының 7-қосымшасына сәйкес, негізгі орта білім берудің 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарындағы ескертпеге сүйеніп, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 5-11 сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніне 5 сағат бөлінген. Себебі, сыныптар топқа бөлінбейді. Осыған байланысты орыс тілінде жүргізілетін 5-11 сыныптарға 1 сағатқа қосымша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасалды. Жылдық жүктеме 34 сағат, аптасына 1 сағат.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің маңыздылығы. Қазақ тілі – өзара қарым-қатынас жасаудың негізі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оқушылар қазақ тілін үйрене отырып, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларымен қатар түсіну және жауап беру, анализ, салыстыру және бағалау дағдыларын дамытады, сонымен бірге, оларды қоғамда тиімді қолдана білуді үйренеді. Тілді меңгеру әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл, ұлттық құндылықтарды түсінетін жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Пәннің негізгі мақсаты оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру болғандықтан, оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады, оқу арқылы танымдық дағдыларын арттырып, білім әлеміне жол ашады. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту арқылы қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сонымен қатар, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету іске асырылады.

Оқу бағдарламасының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталу оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқу мақсаттарының құрылымдалған жүйесі: білімін функционалдық тұрғыдан және шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және өз бетінше жұмыс істей алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістікке жетуінің кепілі болып табылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

— шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;
— білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;
— туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;
— оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
— оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
— оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, тілі мен әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

«Қазақ тілі мен әдебиет» пәнінің 5-11-сыныптағы білім мазмұны

Сөйлеу әрекеттерінің түрлері бойынша:

1) **тыңдалым**:мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу - еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

2) **айтылым**:тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру.

3) **оқылым**:перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру.

4) **жазылым**:мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу,тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Тілдік бағдар:

1) сөз таптары:болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану.

2) сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Орыс сыныптарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні.
11 «Б» сыныбы
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат.
Авторлары: Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ.Рауандина, Б.Қ.Мүкеева
Алматы:Көкжиек-Горизонт, 2020 жыл

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар / Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1-тоқсан – 8 сағат					
1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік»	Отбасы –құндылық	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау; 11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;	1	06.09	
	Қоғамның әлеуметтік құрылымы	11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау; 11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану.	1	13.09	
2.Экология. Мұнай және атомдық индустрия. Гүлжауһар Сейітжан. «Қара алтыны халқымның...»	«Жасыл ел» бағдарламасына қатысамын	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау.	1	20.09	
	Туған өлке экологиясы	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация жазу; 11.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация).	1	27.09	

	Экология. Мұнай және атомдық индустрия	11.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация); 11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану.	1	04.10	
3.Тіл.Өнер. Әдебиет. Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы	Қазақ тілі қандай тіл?	11.3.4.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (дәріс) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау; 11.5.1.2 сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану.	1	11.10	
	Шешендік сөз өнері	11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу; 11.4.6.1 мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.	1	18.10	
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу; 11.4.6.1 мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.	1	24.10	25.10
	II тоқсан – 8 сағат				
4.Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт»	Қоғамның әлеуметік құрылымы.	11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе).	1	08.11	
	Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт» әңгімесі.	11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру; 11.5.1.3 мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану.	1	15.11	
	Қазіргі заман атымтайлары.	11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу; 11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, үндеу жазу;	1	22.11	
5. Тәуелсіз	Заманауи ат спорты	11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге	1	29.11	

еліміздің өткені мен келешегі.		қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау.			
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (очерк) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау; 11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру.	1	06.12	
6. Ұлттық театр – өнер ордасы. Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі театр»	Сахна –өмір айнасы .	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау; 11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу.	1	13.12	
	Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі- театр» (үзінді)	11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, баспасөз парағын жазу.	1	20.12	
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.3.5.1 қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау; 11.5.1.5 мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану.	1	27.12	

3-тоқсан – 10 сағат

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар / Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
7. Туризм:экотуризм.	Туризм тарихын білесің бе?	11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып	1	10.01	

Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы, Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» өлеңі		ортақтығына сипаттама жасау; 11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.			
	Қазақстандағы экотуризмнің дамуы	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.5.1.5 мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап,оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану.	1	17.01	
	Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?	11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе).	1	24.01	
8. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы	Әкеге қарап ұл өсер	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.3.4.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (дәріс) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау.	1	31.01	
	Гендер және тіл	11.4.6.1 мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу; 11.5.1.2 сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану.	1	07.02	
	Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 2-кітап. Тайғақта	11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру; 11.5.1.6 мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану.	1	14.02	
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегісөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу.	1	21.02	
9. Жастар	Талаптыға нұр жауар	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы	1	28.02	

мәселесінің түйткілдері. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» (романнан үзінді, 3-4- кітап)		ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе).			
10. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты. Қабдеш Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»	«Жаһандық миграция» деген - не?	11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану; 11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегісөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.	1	07.03	
	Көші-қон тарихы	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.	1	14.03	
	«Қаздар қайтып барады» повесі	11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру; 11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану.	1	19.03	21.03

4-тоқсан – 8 сағат

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар / Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқу мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
11. Толеранттық – ел бірлігі. Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл»повесі	Береке басы бірлікте	11.2.2.1 ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату; 11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу.		04.04	
	Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға	11.3.5.1 қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау; 11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу,		11.04	

		жазба жұмыстарында орынды қолдану.			
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 11.2.2.1 ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату.		18.04	
12. Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік. Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек»	Отан қорғау - парызым	11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе).		25.04	
	Білім –мемлекеттің қауіпсіздігі	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.		02.05	
	Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» (поэма)	11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу; 11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.		07.05	09.05
13. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші. Мұқағали Мақатаев «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі	Демалыс мәдениеті	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.		16.05	
	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу.		23.05	